

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

2023 жылғы маусым айында әлемдік нарықтарда оң үрдістер сақталды.

2-СЛАЙД. ӘЛЕМДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ОҢ АЙМАҚТА САҚТАЛУДА

PMI жаһандық композиттік индексі бес ай қатарынан нейтралды белгі 50 пунктен жоғары болып, маусым айында **52,7** мәнін құрады. Өндіріс пен жаңа тапсырыстардың өсуі баяулаған кезде қызмет көрсету секторы есебінен оң іскерлік белсенділік сақталды.

Қазақстанда маусым айында **іскерлік белсенділік 51,1** көрсеткішіне дейін жақсарды, оның ішінде қызметтер секторында – **52,2**, тау-кен өнеркәсібінде – **50,9** болды. Бизнестің қазіргі және болашақ жағдайын орташа бағалауды білдіретін **бизнес-климат индексі 16,0** мәніне дейін **ұлғайды**.

3-СЛАЙД. НАРЫҚТА БЕЛГІСІЗДІК САҚТАЛУДА

2023 жылдың басынан бері **дамыған елдердің акциялары (MSCI World) 14%-ға өсті**, ал АҚШ-тың **10 жылдық мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі 3,84%-ға** дейін төмендеді. Доллардың индексі **0,6%-ға** әлсіреді.

Дамыған елдердегі экономикалық белсенділіктің әлсіреуін күтулерге қарамастан, макроэкономикалық көрсеткіштер **тұрақты болып**, нарыққа қатысушылардың **болжамдарынан**

асып түсуде.

Дегенмен, АҚШ және Еуропа орталық банктері ақша-кредит саясатына қатысты **қатаң** риториканы сақтап отыр.

4-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАНДА ИНФЛЯЦИЯ ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ БОЛЖАМДАРЫНА СӘЙКЕС ҚАЛЫПТАСУДА

Қазақстанда инфляция маусым айында жылдық мәнде **14,6%-ға** жетіп, төрт ай қатарынан төмендеуде. Маусымдық факторлардың айқын көрінуінен азық-түлік инфляциясының тұтыну бағаларының жалпы өсуіне қосатын үлесі азаюда.

Ұлттық Банк инфляцияның осы жылдың соңына қарай **11-14%-ға дейін** баяулауын күтеді.

Азық-түлікке әлемдік бағаның одан әрі төмендеуі және сауда әріптес елдеріндегі инфляцияның төмендеуі инфляцияға тежеуші ықпал етеді. Проинфляциялық тәуекелдер ішкі факторлар тарапынан сақталып отыр. Ол – инфляциялық күтулердің жоғары деңгейде орнығу ықтималы, фискалдық ынталандырудың күшеюі, жанар-жағармай мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қызметтері бағаларының өсуінен болатын барынша күшті жанама әсер ету.

5 шілдеде Ұлттық Банк **базалық мөлшерлемені** жылдық **16,75%** деңгейінде **сақтау** туралы шешім қабылдады. Инфляцияның баяулауы болашақта **базалық мөлшерлемені біртіндеп төмендету** үшін жағдай жасауда. Болжамдық раунд нәтижесін негізге ала отырып, базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім қабылдау кезінде Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені **жан-жақты қарау арқылы төмендету** орындылығын бағалайды.

5-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ НЫҒАЮЫ

1-жартыжылдықта **теңге 452,26** дейін **2,2%-ға нығайды.**

Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін **трансферттерді** қамтамасыз ету үшін **валютаны сатуы**, сонымен қатар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің **1,9 млрд доллар** сомасына валюталық түсімінің **50%-ын міндетті түрде сатуы** теңгеге қолдау көрсетті. Валюта нарығын балансқа келтірудің жақсаруына байланысты 1 шілдеден бастап валюталық түсімді міндетті түрде сату үлесі **30%-ға** дейін төмендеді.

Теңгедегі құралдардың тартымдылығы сақталуда. Депозиттерді долларландыру деңгейі 2022 жылғы желтоқсандағы **31,6%-дан** осы жылғы мамыр айының қорытындысы бойынша **28,4%-ға** дейін төмендеді. **Шетелдік инвесторлардың мемлекеттік бағалы қағаздарға** инвестициялары жыл басынан бері **78 млрд** теңгеге ұлғайды.

Ұлттық Банк **валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.**

Теңгенің бұдан былайғы динамикасы **нарыққа қатысушылардың күтулеріне, әлемдік нарықтардағы ахуалға және геосаяси жағдайдың өзгеруіне** байланысты болады.

Ұлттық Банк **икемді бағам белгілеу** режимін ұстануды жалғастырады.

6-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

Жалпы халықаралық резервтер маусым айының соңында **94,3 млрд долларды** құрады.

Екінші деңгейдегі банктер қаражатының валюталық шоттардан Ұлттық Банкке әкетілуіне байланысты Ұлттық Банктің **алтын-валюта резервтері** жыл басынан бастап **1,7%-ға** немесе **34,5 млрд долларға** дейін төмендеді. **Ұлттық**

қордың активтері жыл басынан бастап әлемдік индекстердің өсуі салдарынан **7,4%-ға** немесе **59,8 млрд долларға** дейін ұлғайды.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке **2,1 трлн** теңге сомасына трансферттер бөлу үшін жыл басынан бастап **Ұлттық қордың 3,5 млрд долларға** валюталық активтері сатылды. Қорға жыл басынан бастап түскен **жиынтық қаражат 2,6 трлн** теңгені құрады.

7-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері 1-жартыжылдықта **16,1 трлн** теңгеге дейін **9,9%-ға** ұлғайды, инвестициялық кіріс көлемі **588,5 млрд** теңге болды. Зейнетақы активтерінің портфелін әртараптандыру және шетелдік нарықтарда инвестициялау мақсатында 2023 жылдың басынан бастап **1,3 млрд доллар** сатып алынды.

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Ұлттық Банк сыртқы және ішкі нарықтардағы ахуалдың дамуын қадағалай отырып, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инфляцияны одан әрі төмендету жұмысын жалғастыратын болады.

Назарларыңызға рақмет!